



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Бағаны тұрақтандыру талқыланды

Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша 2023 жылғы жұмыс қорытындысы шығарылды.

Жалпы жылдық инфляция деңгейі 9,8%-ды құрап, алғаш рет азық-түлік индикаторы азық-түлік емес тауарлар индикаторынан төмен болды. Азық-түлік инфляци-

факторды және болжамды трендтерді ескереді. Сондай-ақ делдалдық схемаларды тергеу жөніндегі өңірлік комиссиялардың жұмысы да жалғастырылатын болады», деді Айжан Бижанова.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков тұрақтандыру қорларындағы ұн мен нан бағасын тұрақтандыру және көкөніс қорына қатысты жағдайды мәлімдеді.

«Қазіргі уақытта әкімдік-

мың тонна сәбіз) көлемінде көкөніс қоры қалыптастырылған. Бұл көлемдер нарыққа ақпан-сәуір айларында реттеуші әсер ету үшін жеткілікті.

Вице-министр әкімдерге мамырдан шілдеге дейін көкөніс бағасының өсуіне жол бермеу үшін ерте жиналатын егінді жеткізуге арналған форвардтық келісім-шарттар жасау қажеттігін еске салды.

«Биылғы маусымаралық кезеңді қаржыландыру өткен жылдың 1 тамызынан басталуға тиіс еді. Алайда өңірлер әлі күнге дейін ерте пісетін көкөністерді жеткізуге форвардтық шарттар ұсынған жоқ», деп атап өтті Е.Тасжүреков.

Жиынды қорытындылай келе Серік Жұманғарин өткен жылы азаматтардың инфляциялық күтулері өте жоғары болғанын, бұл үрдіс 2022-2023 жылдардағы инфляцияға әсер еткенін айтты. Өңірлердің үйлесімді жұмысының арқасында бағаның өсуін тежеуге мүмкіндік туды. Тіпті жаңа жылға дейін ел тұрғындары бағаны өсуін байқамады, ал халық үшін инфляцияның негізгі тауар-маркері арқашан азық-түлік болды.

«Биылғы инфляция дәлізіне 6-8% кіру міндеті тұр. Көкөніс қорларын брондау үшін нақты жоспар құру керек және бұл жұмысты ақпан айының соңында емес, әлдеқайда ертерек бастау қажет. Қажет болған жағдайда жеміс-көкөніс өнімдерін бір өңірден екінші өңірге бірнеше күн ішінде жеткізу мақсатында өңіраралық көлік логистикасының тиімділігін арттыру керек. Өнімсіз делдалдарды анықтау бойынша өңірлік комиссиялардың жұмысын күшейту қажет», деп қорытындылады С.Жұманғарин.



ясын төмендетудің негізгі қозғаушы күші-әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағалары.

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова атап өткендей, министрлік инфляция деңгейін 2024 жылы 6-8% деңгейінде ұстап тұру үшін ағымдағы жағдай мен бесжылдық үрдісті ескере отырып, әрбір өңір бойынша әлеуметтік маңызы бар тауарлар бөлінісінде индикативті бөлшек сауда мәндерін есептеді.

«Өңірлер мен тауарлар бөлінісіндегі ЭМАТ-тың индикативті бағасының жобасы 2024 жылы 6-8%-дан аспайтын инфляцияның нысаналы деңгейі негізінде есептелген. Ұсынылатын көрсеткіштер ағымдағы нарықтық конъюктураны, маусымдық

тердің деректері бойынша ӘКК-де 25,7 мың тонна көлемінде ұн қоры бар, оның ішінде тұрақтандыру қорларында – 14,1 мың тонна, айналым схемасы шеңберінде – 11,5 мың тонна. Әкімдіктер мен Азық-түлік корпорациясының меморандумдары аясында өңірлерді жеңілдетілген бидаймен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2023 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында бекітілген бидай көлемі 64,5 мың тоннаны құрайды, қазірдің өзінде 60,8 мың тонна бидай жөнелтілді», деді вице-министр.

Оның айтуынша, 2024 жылдың қысқы-көктемгі кезеңіне 174,1 мың тонна (100,6 мың тонна картоп, 25,6 мың тонна пияз, 22,6 мың тонна қырыққабат, 25,1



Өңірлердегі өзекті мәселелер ескеріледі

Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата Бюросының отырысы өтті. Жиында депутаттар 11 қаңтар күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітіп, сенаторлардың өңірлерге сапарын қорытындылады.

Мәулен Әшімбаев жер-жерде ауыл мен аудан жұртшылығы көтерген мәселелер Палатаның алдағы жұмысында назарға алына-тынын айтты.

«Жаңа жылдың алғашқы күндерінде өңірлерге барып, жұртшылықпен кездесулер өткіздік. Соның барысында халықты алаңдатып отырған өзекті мәселелерге назар аударып, тұрғындармен бірге талқылады. Енді сенаторлардан маңызды мәселелер бойынша депутаттық сауалдар күтеміз. Сондай-ақ аталған түйткілдер парламенттік тыңдаулар мен Үкімет сағаттарын өткізу кезінде де ескерілуге тиіс. Азаматтар көтерген проблемалар сенаторлардың ұдайы назарында болады. Біз оларды оң шешу бағытында нақты жұмыс жүргізуіміз керек», деді Сенат төрағасы.

Мәулен Әшімбаев отырыс барысында Мемлекет басшысының «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында белгіленген маңызды міндеттерге де тоқталып өтті. Палата спикері ел Президентінің тікелей тапсырмасымен Бюджет және Салық кодекстерінің жобалары әзірленіп жатқанын айтып, сенаторларды аталған заңдардың Сенатқа келуін күтпестен, тиісті жұмысты бастай беруге шақырды. Сондай-ақ ол ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін барша отандастарымыздың жұдырықтай жұмылып әрекет ет-

уі аса маңызды екенін атап өтті.

Алдағы Палата отырысында сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды екінші оқылымда қарайды. Бұл заң Азаматтық және Бюджет кодекстеріне, сондай-ақ тағы 8 заңға түзетулер енгізуді көздейді.

Бұған дейін атап өтілгендей, құжат Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатымен әзірленді. Заң шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық институт мәртебесіне ие экспорттық-кредиттік агенттік құруға бағытталған.

Сонымен қатар депутаттар «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарайды. Заң құқық қолдану кезінде анықталған құқықтық реттеудегі олқылықтарды жоюға және терминологияны бірыңғай стандартқа келтіруге арналған.

Заң нормаларына сәйкес ЕАЭО Комиссиясына үшінші елдерге қатысты стандарттау, арнайы қорғау, демпингке қарсы, өтемақы шаралары бөлігінде өкілеттіктер беру және басқа да бірқатар өзгерістер қарастырылған.

Одан бөлек, Бюро отырысында Парламент Мәжілісінен келіп түскен заңдар Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

Экспортты ілгерілетудің маңызы



Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің депутаттары кеңейтілген отырыс өткізді. Онда экспорттық-кредиттік агенттік құру және шикізаттық емес тауарлардың экспортын ілгерілету туралы заң талқыланды.


Заң Мемлекет басшысының «Әділетті

Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауы аясында қажетті құралдарды жинақтай отырып, экспортты ілгерілетудегі толыққанды институт құру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді. Онда 2 кодекс пен 8 заңға түзетулер ұсынылып отыр.

Мысалы, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңға агенттік қаржылық мониторинг субъектісіне жатқызуды көздейтін түзету бар. Сонымен қатар «Өнеркәсіптік саясат туралы» заңда Ұлттық даму институтының шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету жөніндегі функциялары толықтырылады.

Депутаттар кеңейтілген отырыстың қорытындысы бойынша заңды Палатаның қарауына жіберу туралы шешім қабылдады.

«Созақ үні»-ақпарат.



БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛАР АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі бірінші мәселе өткен жылы атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттер туралы аудан әкімдігінің ауыл шаруашылық және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов және аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Дулат Байзақов хабарлама жасады. Сондай-ақ аудан әкімдігі-

нің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дәулет Құдайбергенов биылғы жылы сала бойынша атқарылар ауқымды жобаларға тоқталып, Таукент және Қыземшек кенттеріндегі орталықтандырылған жылу қазандықтарының жұмыс барысы туралы баяндады. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша биылғы жылы елді

мекендердің ішкі көшелеріне төселетін асфальт жабындысы, ауыз су, салынатын құрылыс нысандары сынды көптеген жобаларға жеке-жеке тоқталып өтті. Бұл жөнінде ауылдық округ әкімдері мен сала мамандарына алда атқарылар міндеттерге немқұрайлы қарамауды ескертіп, тапсырмалар жүктелді. Жүктелген тапсырмалар арнайы хаттамаға енгізіліп, орындалу барысын толықтай бақылауда ұстайтынын айтты.

Қазатомөнеркәсіп «А типті АҒА ЗГТМ» дизайнындағы ЖБҚ өндіру үшін сертификаттаудан сәтті өтті



«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ (бұдан әрі - «Қазатомөнеркәсіп», «ҚАӨ» немесе «Компания») ҚХР АЭС-тері үшін ядролық отын дайындайтын «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС Қазақстан-Қытай бірлескен кәсіпорнында «А типті АҒА ЗГТМ» дизайнындағы жылу бөлетін құрамаларды өндіруді сертификаттау процесінің сәтті аяқталғанын хабарлайды. Өнімнің барлық міндетті талаптарға, нормалар мен сапа стандарттарына техникалық сәйкестігін растайтын құжатты технология иесі - Framatome француз компаниясы тапсырды. ЖБҚ өндірісін сертификаттау жұмыстары 2023 жылдың наурыз айында басталып, төрт кезеңде өтті. Сертификаттау процесін кәсіби, уақтылы және сапалы қамтамасыз етуді «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС-тің барлық құзыретті қызметтері ұйымдастырды. Жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша кәсіпорын

өндірілген өнімнің сапасын сәтті растады. Бұл сертификаттау зауытқа «АА типті АҒА ЗГТМ» дизайнындағы ЖБҚ-ға қосымша «А типті АҒА ЗГТМ» дизайнындағы ЖБҚ шығаруға мүмкіндік береді, осылайша шығарылатын өнім желісі кеңейеді.

2024 жылы Компания «А типті АҒА ЗГТМ» дизайнындағы ЖБҚ-ны өнеркәсіптік өндіруге кірісіп, ҚХР-дағы атом электр станцияларына тиісті типтегі ЖБҚ партиясын жеткізуді жоспарлап отыр.

«Үлбі-ЖБҚ» зауыты Қазатомөнеркәсіпке өндірісті әртарапандыруға, желіні кеңейтуге және қосылған құны қымбат жоғары технологиялық, экспортқа бағдарланған уран өнімдерін шығаруға мүмкіндік берді. ЖБҚ-инженерлік конструкция, оның жақтауына жылу бөлетін элементтер (жбәлдер) – уран таблеткаларымен толтырылған түтіктер орналастырылады. Бұл құрамалар АЭС үшін отын болып табылады. Жбәлдерге арналған уран таблеткаларын «ҮМЗ» АҚ дайындайды.

«Үлбі-ЖБҚ» зауыты, өндірістік қуаттылығы жылына ЖБҚ түріндегі 200 тонна уран, 20 жылдық кепілді өткізу нарығына ие. Инновациялық өндірісті іске қосу Қазақстанға атом электр станциялары үшін ядролық отын өндіруші және жеткізуші мемлекеттердің шектеулі тобына кіруге мүмкіндік берді.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Биылғы қыс мезгілі ерекше өтуде. Өйткені, жылдағы қарағанда ауа райы жылы болып тұр. Оқушылардың барлығы қыз мезгілін, әсіресе қысқы каникулды ерекше күтеді. Мен білім алатын Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектепте қысқы демалысты тиімді ұйымдастыру мақсатында арнайы жоспар жасалып, жоспарға сәйкес түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының Ақпарат

МЕНИҢ ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫСЫМ

фракциясын жүргізетіндіктен оларды инстаграм әлеуметтік желісіне жариялау маған жүктелген. Өткізілген іс-шаралардың басы-қасында жүріп, мен де демалысты тиімді өткізе білдім. Қысқы демалыс ерекше күндері мен есте қалды. Мектептегі іс-шаралардан бөлек отбасыммен

бірге көбірек уақыт өткізу мүмкіндігін пайдаланып, ауылға ата-әжеме бардым. Оларға үй жұмыстарына қолғабыс болып, көмектестім. Менің атам каникулдың алғашқы күні «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атанды. Бұл менің қысқы демалысымда орын алғандықтан атамның қуа-

АУДАН ОРТАЛЫҒЫН КЕШЕНДІ ДАМУ ТУРАЛЫ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛУ КЕРЕК ЖҰМЫСТАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Шолаққорған ауылының ішкі көшелерін аралап, атқарылу керек өзекті мәселелер мен аудан орталығын кешенді дамыту мақсатында жасалатын жұмыстарды пысықтады. Сондай-ақ сыртқы келбетін қалыпқа келтіруді қажет ететін әлеуметтік нысандарға тоқталып, орталық маңызы бар С.Қожанов көшесінің бойында жауын салдарынан жиналатын көлшік судың алдын алу шара-



ларын қарастырды. Аталған мәселені шешу үшін қашыртқы арық салу жұмысын қолға алу қажеттігін айтып, жауапты мамандарға бірқатар тапсырмалар жүктелді. Сонымен қатар, Жібек жолы көшесінің бойында ретсіз орналасқан және тозығы жеткен электр бағаналарын да алмастыруды тапсырды. Аудан басшысы жауаптыларға аралау барысында туындаған мәселелер бұған дейін тұрғындар тарапынан да көтерілгенін айтып, бұл жұмыстарға аса жауапкершілікпен қарауды ескертті.

Байқаудан олжалы оралды

Абай Аққұлиев-ауданымызға танымал өнерпаз, «Созақ серілері» тобының жетекшісі. Оның отбасы шетінен өнерлі. Ауданымыз

Түркістан облысының құрылғанына 5 жыл толуына және Төле Әлібекұлының 360 жылдығына орай ұйымдастырылған облыстық



дағы мәдени шаралардың олар үнемі басы-қасында жүреді. Халық әндері мен танымал сазгерлердің туындыларын кеңінен насихаттап келеді. Жанұя мүшелерінің барлығы да ұлттық аспапта шебер ойнайды. Жақында аталған отбасы

«Менің отбасым-өнерлі отбасы» байқауында көрсеткен жоғары шығармашылық деңгейі үшін «Аққұлиевтер» отбасылық ансамблі ІІ орынды иеленіп, арнайы Дипломмен марапатталды.

«Созақ үні»-ақпарат».

тын ұстауға, шығармашылық тұрғыда дамуыма, тұлға болып қалыптасуыма орасан зор пайдасын тигізе білді.

Біз секілді жас жеткіншектер өздерінің бос уақыттарын әлеуметтік желінің желісіне ермей, тиімді өткізуге тырысуымыз қажет.

**Айдана ЕСЕН,
Ы.Алтынсарин атындағы
жалпы білім беретін
мектептің оқушысы.**

Іскерлік іссапар ізімен

Қазіргі таңда ақпарат әлемінде ең көп оқылып, талқыланып жатқан тақырыптың бірі де бірегейі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетінің кезекті санында Дихан Қамзабекұлына берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» тақырыбындағы сұхбаты еді. Сұхбатта Дихан Қамзабекұлы Қасым-Жомарт Кемелұлына көптеген өзекті мәселелерге қатысты сауал беріп, тұщымды жауаптар алған. Сол сауалдардан бірі: «Жолдауыңызда Әділетті Қазақстанның жаңа экономикалық бағдарын жарияладыңыз. Онда 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін екі есарттырып, 450 миллиард долларға жеткізу көзделген. Алайда, Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банктің болжамдарына сенсек, 2023-2024 жылдары ел экономикасының өсімі 3-4 пайыздан аспайды. Мұндай қарқынмен мақсатқа жете аламыз ба? – еді. Жауабы мынадай болды: – Әрине, бұл – жетуге болатын жеңіл. Халықаралық валюта қорының сарапшылары 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның Ішкі жалпы өнімі қазіргі бағамен есептегенде 259 миллиард доллардан асады, яғни 2022 жылмен салыстырғанда 15 пайызға артады деп бағалап отыр. Бұл – Орталық Азиядағы ең жоғары ақшалай өсім. Жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім де өсіп келеді. Бұған қатысты болжамды көрсеткіш бытыр 13 мың долларға жуықтады. Оның жыл сайынғы өсімі 1,6 мың доллар болады деп бағалануда. Халықаралық валюта қорының болжамына сәйкес, 2028 жылға қарай бұл көрсеткіш отыз пайыздан да көбірек артып, 16,8 мың долларға жетеді. Шын мәнінде, мен үшін макроэкономикалық көрсеткіштер соншалықты маңызды емес, азаматтардың тұрмыс сапасының іс жүзінде жақсаруы одан әлдеқайда маңыздырақ. Халқымыз «Жақсы сөз-жарым ырыс» дейді. Үкімет экономиканы басқарудың тың тәсілдерін қолдана алса, жаңа айтылған жақсы болжамдар ақиқатқа айналады. Осы орайда негізгі екі бағытқа тоқталайын. Біріншіден, еліміздің өркендеуіне жол ашатын бірқатар нақты міндетті шешу қажет. Сондай міндеттің бірі – ауқымды өнеркәсіп жобаларын жүзеге асыру. Қыркүйектегі Жолдауда Үкіметке мұндай жобаларды анықтау және Инфрақұрылымды дамыту жоспарын әзірлеу туралы тапсырма берілді. Бұл жобалар ірі бизнес өкілдерімен, институционалды инвесторлармен және сарапшылармен бірге пысықталып, нақты жұмыс жасалып жатыр. Тағы бір маңызды міндет – инвестиция тарту. Бұл міндетті орындауға жекешелендіру және активтерді қайтарунақандарды да септігін тигізеді. Қомақты инвестиция болса, экономика қарқыны үдейе түседі және жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Осы орайда мен жақында Инвестиция штабын құру туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл штабқа еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсарту және инвестициялық жобаларды сапалы жүзеге асыру үшін ауқымды өкілеттік берілген.

Екінші бағыттағы жұмыс экономиканың барлық саласына қатысты «ойын тәртібін» белгілейтін жүйелі реформаларды жүзеге асыру шараларын қамтиды. Менің тапсырмаммен Үкімет мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын қайта қарауға мүмкіндік беретін жаңа Салық кодексын әзірлеп жатыр. Салық жүйесін жетілдіргенде тек төлем жинау тәсілімен шектеліп қалмау өте маңызды. Біржағынан, инвесторларға қолайлы жағдай жасау керек».

Осы ретте, 2023 жылдың 3-9 жылдығы аралығында Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасына орай Қытай ХР-мен іскерлік тәжірибе алмасу, инвестиция тарту екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мақсатында Созақ ауданынан делегация іс сапары жүзеге асқан болатын. Делегация



құрамында: Созақ ауданының әкімі М.Тұрысбеков; аудан әкімдігінің қызметкерлері және он бірдей кәсіпкер азаматтар болды. Қытай Халық Республикасынан Түркістан облысының Созақ ауданына инвестиция тарту (салу) іс сапары жайлы Теріскей жәртына, «Созақ үні» газетінің оқырмандарына әңгімелеп беруі үшін осы делегацияның құрамында барып қайтқан аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірмановқа хабарласып, сұхбатқа шақырған едім. Сау болсын, ауданымыздың кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласына жауапты бөлім басшысы Қайырбек Сәрсенұлы өтінішімізді қанағаттандырды. Сонымен, Түркістанның теріскейінде жатқан Созақ өңірінен күншығыс елі Қытай Халық Республикасына болған іссапар жайлы әңгімемізді назарларыңызға ұсынамын. Ден қойып оқыңыздар:

-Қайырбек Сәрсенұлы сіздің қатысуыңызбен жүзеге асқан іскерлік сапардың мақсаты жайлы жоғарыда, сұхбатымыздың кіріспесінде сөз еттім. Дегенмен, ауданымыздың кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығына жауапты сала басшысы ретінде оқырмандарымызға өз ауызыңызбен жеткізсеңіз, мархабат.

-Иә, өзіңіз айтып өткендей, іссапардың негізгі мақсаты – ауданға инвестиция тарту, екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттыру және жергілікті кәсіпкерлермен тәжірибе алмасу еді. Іссапар аясында Чжэнчжоу және Иу қалаларындағы жаңа өндірістік технологиялармен, шағын және орта бизнеске арналған жабдықтармен танысу, меморандумдарға қол қою көзделген болатын.

-Менің естуімше, дәл осындай іссапарға облысымыздың өзге аудандарынан да іскерлік делегациялар барып қайтқан болатын, солай ма?

-Дұрыс айтасыз! Сол, өткен 2023 жылы Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен Жетісай, Мақтарал, Шардара, Сарыағаш пен Келес аудандарынан іскерлік делегация Қытай Халық Республикасына іс сапарға барып қайтқан болатын. Бұл делегациялардың да Қытайдың бірнеше қаласын, индустриалды аймақтары мен өндіріс орындарын аралап келгені жайында облыстық БАҚ-ры мен әлеуметтік желілерде хабарлар тараған болатын. Тіпті, облыс әкімдігінің баспасөзі бұл іс сапарлар жайлы мәлімдемелер де жасаған-тын. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл іс сапарлардың мақсаты жайлы Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының өзі былай деген еді: Аудан, қала әкімдері, басқармалар бюджет қаржысын игерумен ғана емес, тың жобалар, инвестиция тарту мәселесімен жүйелі түрде шұғылданулары қажет. Жаңа кәсіпорындар ашу маңызды. Біз жобаларды сараптап, қолдау көрсетуге дайынбыз. Кәсіпорындар аймақтық деңгейде қалып қоймай, өнімдерін экспортқа шығаратындай

деңгейге жетулері керек. Көрші елдің әлеуетін көрдіңіздер, тәжірибесін пайдаланыңыздар. Қытайдың өндіріс орындарын аралауға баратын аудан, қала басшылары қазірден бастап өздеріңізге оңтайлы жобаларды жоспарлап, келіссөздерге дайындалыңыздар. Іссапарлардан нәтиже шығатын болсын!» деп.

-Иә, өңір басшысының тапсырмасын әбден орынды деп білемін. Ендігі жерде, Дархан Амангелдіұлы айтқандай, осы іссапарлар нәтижелі болып, ауданымыздың индустриалды аймағында кәсіпорындар көптеп ашылып, өңірімізге ғана емес, алыс-жақын шетелдерге де өндірілген өнімдерімізді шығара алатын әлеуетке жетсек, нұр үстіне нұр болар еді. Әйтпесе, ауданымыздың орталығы Шолаққорғанның күншығысында орналасқан индустриалды аймақта жаңа кәсіпорындардың ашылмағанына кәдімгідей көп уақыт болты. Міне, осы ретте ауданымыздың жаңдан сайланған әкімі Мұхит Тұрысбеков осы олқылықтың орынын толтырып, индустриалды аймаққа жан, Созақ өңірінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласына сән кіреді деген, халқымыздың үміті ақталар деп ойлаймын. Жарайды, ендігі жерде іссапар барысында аудан кәсіпкерлері нендей іскерлік келісімшарттарға қол жеткізгені, Теріскей жеріне Күншығыс елінен қандай инвестициялар тартылатын болды соған тоқталып өтсеңіз!

-Жалпы, іссапар барысында мынадай жұмыстар атқарылды:

Іссапардың екінші күні, 2023 жылдың желтоқсаның 5 жылдығында Чжэнчжоу қаласына келген күні делегация «Zhengzhou Yellow River Carp Breeding Farm» балық шаруашылығына барды, ол негізінен тұщы су аквамеденитетімен, жақсартылған тұқым сорттарын тазартумен және жасартумен, сондай-ақ тауарлық балық өндіру технологиясын ілгерілетумен айналысады екен. Сонымен, Чжэнчжоу қаласындағы балық өсірумен айналысатын шаруашылық «Zhengzhou Yellow River Carp Breeding Farm» компаниясымен Созақ ауданы кәсіпкерлері ЖК «Сапарбеков Рыскелді», ЖК «Ташбаев Элнур» бірлескен жобаны іске асыру бойынша өзара уағдалыстыққа қол жеткізді. Компания басшысы 2024 жылдың сәуір айында Созақ ауданына келуді жоспарлап отыр.

Ал, 2023 жыл 7 желтоқсан күні Делегация күн сәулесінен энергия алатын бақылау камераларын және жарық шамдарын өндіретін «Yiwu Jortan Electronics Technology Co., Ltd.» кәсіпорының жұмысымен танысты. Кәсіпорында 300-ден астам адам жұмыспен қамтылған және бақылау камераларының 100-ден астам түрі мен жарық шамдарының 150-ге жуық түрі өндірілетін көрінеді. ЖК Балаубеков Мұхат тұрмыстық деңгейде қолданылатын, жеңіл өнеркәсіптік компания жұмысымен танысып өндіріс циклдерін меңгерді. Алдағы уақытта бірлесіп жұмыс жасау және сол өнеркәсіптегі

өндіруші құрылғыларды алдыруды жоспарлауда.

Ал енді, іссапардың екінші жартысында, делегация Чжэцзян провинциясы Иу қаласында орналасқан «Langsha Holding Group» компаниясының ірі тоқыма кластерімен танысты. Бұл өнеркәсіпте 4000-нан астам адам Қытай нарығына және сыртқы нарыққа да шұлық және тоқыма өнімдерін өндірумен айналысады. Сонымен қатар, ірі әлемдік брендтердің тапсырыстарын орындайды. Жеке кәсіпкер Кәдірбеков Әділет аталған компания өнімдерін алып келіп нарыққа шығаруды көздеп отыр.

Сондай-ақ, «Zhengzhou Jiulong Machinery Equipment Co. Ltd.» компаниясына барып, компания жұмысымен танысып, аталған компаниямен ЖК Баймұсаев Бақдаулет арасында резеңке үгіндісін жасау өндірісі бойынша келісім жұмыстары жүргізілуде.

Тағы да, Жеке кәсіпкер Абишов Руслан «Қармек» бетон құятын аппарат және жүгері, бидай, мақсары майдалап батончик шығаратын аппараттар алу мақсатында 22 миллион теңгеге меморандум жасасты. Сонымен қатар, «Созақ балық өнімдері» ЖШС тәжірибе алмасуға, келісім жұмыстарын жүргізуге әзір.

Сондай-ақ, делегация Iwu Raw material Market кіші өндіріске арналған жабдықтар сату орталығымен танысты. Бұл орталық 2000-нан астам жабдық түрлерін ұсынады. Жабдықтардың арзан бағада ұсынылуы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жаңа кіші өндіріс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта меморандум аясында өңір кәсіпкерлеріне кіші өндіріске жабдықтарды сатып алуда келісім жұмыстары жүргізілетін болады. Әзірге, Қытай Халық Республикасына Созақ ауданынан болған іскерлік іссапардың барысы осы. Қосымша жаңалықтар болса, өздеріңізбен бөлісетін боламыз!

Онда 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін екі есарттырып, 450 миллиард долларға жеткізу көзделген.

Сөз соңында: Иә, жоғарыда айтылғандай, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлынан Үкіметке 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін екі есе арттырып, 450 миллиард долларға жеткізу жөнінде тапсырма болды. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өнімдері ІЖӨ-нің 70 пайызын құрауы тиіс, сосын, өнімді шетелге шикізат ретінде ғана шығаратын елден өңдейтін, өнеркәсібі дамыған елге айналуымыз қажет деген тапсырмаларының негізінде жоспарланып, жүзеге асып бастаған осы және «Ауыл Аманаты» секілді бағдарламалардың біздің өңіріміз үшін де маңызы зор. Кеше, Созақтық іскерлік делегация Қытайда іссапарды жүрген «Ел құлағы елу» деп, қоғамның құлағы қытайға қарап түрік жүрді. Енді міне, қай кәсіпкердің немен айналысып, қаншалықты инвестиция тартылатыны белгілі болып, индустриалды аймаққа жан әрі сән кіретіні анық болды. Демек, бұдан былай қоғамның көзі сол сөз болған, ізгі істердің үстінде болары хақ. Одан қала берсе, қоғамның тілі де сол аудан игілігі үшін атқарылуы тиіс игі істердің жүзеге асқаны болса, мақтауын келтіріп, жобалар сөз жүзінде қалып қойса, сынға алары да анық. Ендеше, облыс әкімінің тапсырмасымен, негізгі мақсаты – ауданға инвестиция тарту, екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттыру және жергілікті кәсіпкерлермен тәжірибе алмасу болған іссапар өз нәтижесін беріп, ауданымыздың экономикасын дамытып, әлеуетін арттыру жолында теңізге құйған тамшыдай болса да ел игілігіне ассын деген ниетпен сұхбатыма соң беремін. Байқаймын, бұл жоба жөнінде әлі талай мақала жазылатын секілді ғой. Олай болса, сол жарқын күндерде жүздескенше еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Данияр БЕК.

Тәңірдің несібесін тере жүріп ұлу жылының да есігін аштық. Алыс-жақыннан өз қара басының қамын емес, елдің жағдайын сұрап, тіпті болмағанда Созақтың ауа райын сұрап хабарласып жататын нәмі созақтық азаматтарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Олар амандықтан соң сөз басын «Елде не жаңалық?» деп бастайды. Елде жаңалық баршылық! Бастысы биыл алаш ардақтысы Сұлтанбек Қожановтың 130 жылдығы. Күн, апта, ай, жылдар өткен сайын жасарып, жайнап, түрліше түске ене түрленіп келе жатқан аудан орталығы Шолаққорған шаһары шахри келбеттеніп келеді. Халықтың ахуалы біртіндеп оңалып, ауылымыз да көз тартар сәулетті жаңа ғимараттармен толығып жатыр. Сондай сәулетті жайлардың бірі, өлке тарихынан сыр шертетін жәдігерлер мекені - С.Қожанов атындағы Созақ аудандық музей. Бұл ғимарат аудан орталығына сән



шертер жәдігерлер мекені жаңа ғимараттағы міндеттерін абыройлы атқарды. Алдымызда елге қызмет етудің одан да жауапты ерен күндері күтіп тұр, дейді музейдің директоры Ниязәлі Дүйсенбек.

Әрине, әп-сәтте, жуық уақытта музей ішін жәдігерлермен толтырып тастау міндетті емес, тіпті мүмкін емес. Әсте әсте ақырындап мәні зор, тағылым беретін, өткен тарихымыздан сыр шертетін жәдігерлер музей төрінен алдағы уақыттарда орын аларына сенім мол. Өйткені мұнда білімді де білікті мамандар халыққа қалтқысыз қызметтерін көрсетіп келеді.

Тағы бір қосымша айтып өтетін мәселе еліміздегі алдыңғы қатарлы Астана, Алматы, Шымкент, Семей, Қызылорда, Түркістан қалаларындағы музейлермен достық-іскерлік қарым-қатынас орнатуды қолға алған дұрыс сияқты. Ол деген біздің музей қызметкерлерінің кәсіби

Ауызбіршілігіміз айшықталатын жыл болсын!

беріп, Тәуелсіздік мерекесіне толымды тарту болып 2021 жылы 14 желтоқсанда келушілерге есігін айқара ашқан еді. Одан беріде үш жылдың жүзі болыпты. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың 100 жылдығы мерейтойы құрметіне 1994 жылы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің №370-ші қаулысына сай тарихи-танымдық мақсатта ашылған музей осылайша жаңа ғимаратқа қоныс алды. Теріскейдің тарихқа тұнып тұрған топырағында бия көтерген, ұлттық руханиятты өрістетуге сүбелі үлес боларлықтай сәулетті музейдің маңызы зор. Ғасырлар тереңінен тамыр тартатын Теріскей көне киелі мекен. Қилы кезеңдер мен оқиғаларды өткерген Созақ елінің тарихы тағылымды, тәлімі ерек десек, көнеден сыр шертетін қазыналар ордасы- музей ендігі осынау шежірелі өлкені таныта түсуге сүбелі үлесін қосып келеді.

Аудан 1928 жылы қаңтар айында мекендеген 6 болыс ел мен Жылыбұлақ болысы негізінде құрылғаны, Созақ ауданының тұрғындарының құрамы көп ұлтты екені, кезінде ауданда қаракөл қойын, түйе, жылқы, биязы жүнді қой, етті-сүтті ірі қара, астық өндіруге маманданған 10 кеңшар болғаны, сол уақыттағы еңбекке деген қарышты қадамдардың әрбірі музей қорында хатталып, сақталып, ұрпақтан ұрпаққа мұра болса деген мақсатта жұмыстар жүргізіліп жатыр. Музей тек аудан тұрғындары келетін орын емес, басқа да қонақтар тамашалайтын орын. Музей экспозициясы арқылы келушілер Созақ ауданының тарихы мен мәдениетімен танысады. 2023 жылы музейдің ұйымдастыруымен 541 іс-шара өтіпті. Жалпы музейге келушілер саны 7284 адамды құрап осы азаматтар музей жұмысымен

жақын танысқан. Олардың ішінде мүмкіндігі шектеулі жандар 874, балалар 2873, отбасылық 1576 балалар көріп қызықтаған. Экскурсиялар саны 393, лекциялар 53, еске алу, кездесу, қайырымдылық көштері мен патриоттық бағыта ғысы бар 45 шара, 46 музей ішілік көрме, көшпелі 4 көрме жасалған екен. Музей залдарын әрлеуші суретші-дизайнерлер экспозициялық кеңістікте неғұрлым айқын формадағы архитектуралық-көркемдік үйлесім таба білген. Жоғарғы ауқымдағы идеямен архитектуралық-көркемдік деңгейге ие, қазіргі кезеңдегі технологияның мүмкіндіктерін экспозициялық кеңістікте кеңінен пайдаланып, кешендік шешім жасалған. Экспозициялық кеңістікте Созақ ауданының табиғат диорамасы көрнекті орналасқан. Кіріспе бөлiмде Созақ ауданының табиғи картасы ұсынылған: климаты, өсімдігі мен жануарлар дүниесі кең көлемде ұсынылып, келушілерге муляждар, суреттер түрінде мол мағлұмат береді. Созақ ауданының киелі орындары, кесенелер түсініктеме баннерлер, макет, фотолар арқылы кеңінен сыр шертеді. Жарығы мол, кең залдың көрікті көрінісі келушіні бейжай қалдырмайды. Ұлтымыздың ұлы тұлғасы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері С.Қожановтың ғұмыр жолына арналған бас экспозицияда қайраткерлік өсуі деректі құжаттар, суреттер, әдебиеттер арқылы көрсетіліп, нақты деректермен толықтырылған. Көрнекті жерге қайраткердің жанұясы, туыс бауырларының суреттері қойылса, кейінгі сәулеткерлерге қызмет бабындағы суреттері, құжаттарының көшірмелері қойылған. Шығармашылығына бір сөре арналған. Қызы Зибә Қожанованың Өзбекстан Республикасына және Мәскеуге жазған хаттары мен жауап хаттары ілінген. Созақ даласын жайлаған аш-

тық жылдарында С.Қожановтың «Шүлен көже таратуы» да тарихи маңызды екені ақиқат. Бұл да экспозициядан көрнекті орын алған. С. Қожановтың есімі 1958 жылы ақталып, қазір бүкіл Орта Азия халықтары қадір тұтатын, үлкен қоғам қайраткері екендігі мойындалды. 1994 жылы қазақтың бес арыстарының бірі болып, туғанына 100 жыл толу мерекесі үлкен құрметпен аталып өтілді. Қазіргі таңда Шымкент, Түркістан қалаларында С.Қожановтың атымен көшелер, саябақтар, мектептер ашылған. Осының бәрі сәулеткерлер сөйлеп тұр. Екінші қабатта қазақтың тарихи кезеңдері де лайықты шешімін тауып, келушіге мол мағлұмат беретін экспонаттармен жасақталған, Мемлекетіміздің қилы кезеңдері, өлкеміздің өсу, өркендеу жолы деректері де мол қамтылған. Осы қабатта өзге экспонаттармен әдемі үйлескен киіз үй көз тартар көрнекті орында орналасып, қазақ тұрмысынан мол мағлұмат береді. Археология бөлімінде Созақ жерінен табылған балбалтастар, таңбалы тастар да өлке тарихынан сыр шертеді. Созақ елі ҰОС 1941-1945 жылдарында, өлке әдебиеті мен өнер саңлақтары, айтулы тұлғалар жайлы арнайы стенділер, тағы басқа бағалы дүниелер арнайы сәулеткерлер келушілердің назарларына ұсынылып келеді. Жалпы жәдігерлер 2843, негізгі қор 2359, ғылыми қосалқы қор 484, жаңадан қосылған экспонаттар саны 95-ті құрайды.

«Жыл бойына музей тынбай халыққа қызмет көрсетті. Музейді тамашалауға, өлке тарихымен танысуға тұрғындар лек-легімен келіп жатты. Мекемелер қызметкерлері, жеке топтар, сырттан келген қонақтар... тіпті өз үйіне келген қонақтарын «Біздің Созақта осындай музей бар» деп ерте келген тұрғындар да болды. Ал,

жасөспірімдер мен балалар өз алдына бөлек аңгіме. Биыл балалар жылы аясында бұларға музейге кіруге тегін болды. Экскурсиядан бөлек түрлі танымдық бағытта көптеген іс-шаралар да ұйымдастырылды. Ауған ардагерлерімен, өлкеміздің көп балалы аналарымен, еңбек ардагерлерімен өткізілген жаңа форматтағы кездесулер музейдің танымдық-тәрбиелік бағытына серпіліс тудырды. Мәдени-эстетикалық бағытта Наурызға арналған этнографиялық мерекелік шаралар ел болып айта жүрер толымды іс болды. Сондай-ақ өлке журналистерімен жүздесулер тағылымы мол іс-шаралардың жалғасын табуы жастарға танымдық тәрбие болғаны ақиқат. Конституция күніне арналған дөңгелек үстел де музейдің жұмысы аясы кеңейтуге мүмкіндік берді. Музей түрлі қоғамдық ұйымдармен де қоғамдық қатынас орнатып, аудандық әйелдер кеңесі, Ардагерлер кеңесі, Қ.Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестігімен бірге талай айтулы игі шараларды атқаруда.

Музей жұмысына белсенді ат салысқан аудандық «Созақ үні» газеті ұжымына, ондағы білімді де білікті кәсіби қаламгерлерге айрықша ыстық ықыласымызды білдіргіміз келеді. Сонымен қатар, ауылдар мен елді мекендерде тұратын жерлес қаламгерлер мен жанашыр азаматтарға айтар алғысымыз шексіз. Ең алдымен, музейдің тарихи-танымдық жұмыстарына басымдық беріліп келеді. Өткен жылдары Шымкент қаласында Әл-Фараби ғылыми-әмбебап кітапханасында өткен, музейіміздің негізін қалаушы, тұңғыш директоры Д.Тұрантегіні еске алу кешін ұйымдастыруға белсене атсалысып, көшпелі көрме апардық. Атап көрсеткен іс – шаралар ауқымды жұмыстарымыздың бір парасы ғана. Талай ғасырдың куәгері көне мекен Созақтың шежіресінен сыр

біліктілігін арттырып, халықпен одан да жақын қоян-қолтық бірлесе жұмыс жасауларына септігін тигізетін еді. Сонымен қатар, Созақ ауданына қатысты бар тарихи жәдігерлерін алдырып, өзіміздің музей төрінде көрме өткізу. Өйткені, олар қолдарындағы Созаққа қатысты жәдігерлерді бізге бере қоймасы ақиқат. Биылғы мерейтой қарсаңында Сұлтанбек Қожановқа қатысты оның жұмыс бөлмесі сол замандағы көріністермен жабдықталса оның да келешек ұрпақ үшін әсері зор болар еді.

Музей ішіне кірген сәтте Созақ ауданының тарихы мүңкіп тұру керек деп ойлаймын. Әрине, бүгінгі күнге дейін қыруар жұмыс атқарғандарын көпшілік қауым музей ішін аралағаннан-ақ сезіне бастайды.

Орайы келіп тұрған соң айта кетейік, 2011 жылдың соңында Созақ ауданының орталығы Шолаққорған ауылында Алматыда тұратын аудан азаматтарының қаражатымен 7 метрлік тастан қашап, домбыра, қобыз және кітапқа ескерткіш қойып, «Күй құдіреті» монументі тұрғызылып, оған М.Әуезовтің «Созаққа барсаң күйшімін деме...» деген әйгілі қанатты сөзін жаздырады. Жанындағы гранит тасқа аудан атын асқақтатқан, Созақтан шыққан 18 тұлғаның есімдері жазылған болатын. Таяуда сол монумент өзінің соңғы, әрі тұрақты мекенін музей іргесінен тапты. Ол да аудан сәулетіне айшықты ажар беріп тұрғаны бек қуантады.

Қорыта айтқанда биылғы іс-шаралар тек музей қызметкерлеріне ғана артылған жүк емес. Бүкіл Созақ жұртшылығына, олардың ынтымағы мен ауызбіршілігіне сын болмақ. Ілкімді іске іріктілік танытып ілгек болмай, қалың жұртшылықтың аманаты мен ауданымыздың абыройына ат салысайық!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Жалпыға бірдей декларациялаудың 3 кезеңі басталды

Жалпы, 2021 жылдан бастау алған жалпыға бірдей декларациялау 4 кезеңнен тұрады. Соның алғашқы «2021-2023» екі кезеңінен өтіп, үшінші кезеңіне де келіп жеттік. Бұл, 2024 жылғы үшінші кезең де алдыңғы өткен және келешекте келетін төртінші кезең секілді осы қаңтар айының 1-нен басталып отыр. Еліміздің барлық өңірін қамтыған осы бір, жалпыға бірдей декларациялау науқанының мақсаты міндеті және жүру процесі жайлы ауданымыздың тұрғындарын, «Созақ үні» газетінің оқырмандарын хабарландыру, ақпараттандыру және сауаттандыру мақсатында Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Қанат Сағынұлы Төлєндиевке жолығып, сұхбаттасқан едім. Сол сұхбатты назарларыңызға ұсынамын!

-Құрметті Қанат Сағынұлы! Қазіргі таңда жалпыға бірдей декларация туралы естіп жүрміз, осыған орай өз тарапыңыздан түсіндірме берсеңіз?

-Иә, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда кезең-кезеңімен жалпыға бірдей декларациялау енгізілді.

Жалпыға бірдей декларациялаудың негізгі міндеті:

-әділ салық салуды қамтамасыз ету және әлеуметтік саясатты жетілдіру;

-жеке тұлғалардың кірістерін бақылаудың тиімді тетігін құру;

-сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономика деңгейін төмендету. Мәселен, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап декларациясын мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ олардың жұбайлары табыс етті.

Екінші кезеңде, 2023 жылы мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері, сондай-ақ олардың жұбайлары – табыс етті.

Үшінші кезеңде, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап декларацияны заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары), дара кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсырады.

Төртінші кезеңде, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – азаматтардың қалған санаттары (мысалы, жеке құрылымдардың қызметкерлері, зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер, студенттер және басқалар) ұсынады жеке тұлғаны қамту жоспарлануда.

-Үшінші кезең шеңберінде 2024 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны кім тапсыруы керек?

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап декларацияны заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары), дара кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсыруға тиіс. Бұл талап әрекетсіз және қызметін тоқтатқан тұлғаларға да қолданылады. Азаматтық кодекстің нормаларына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайтындықтан, 2024 жылы филиалдар мен өкілдіктердің басшыларында декларацияны ұсыну бойынша міндеттеме туындамайды (АК 43-бабының 3-тармағы). Сондай-ақ, 2024 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны жеке практикамен айналысатын адамдар ұсынбайды.

-Декларацияда қандай мәліметтерді көрсету қажет?

Жалпыға бірдей декларациялау жүйесі барлық азаматтардың активтері мен міндеттемелері туралы декларация беруінен тұрады. Онда же-



ке тұлғаның барлық мынадай шетелдік активтері, жылжымалы, жылжымайтын мүлкі көрсетіледі:

-шетелдегі жылжымайтын мүлік және көлік;

-шетелдік банктегі 3,5 млн теңгеден жоғары (1 000 АЕК) ақша;

-шетелдік компаниядағы қатысу үлесі;

-бағалы қағаздар, цифрлық активтер (биткоиндер және т. б.);

-үлестік қатысу шарты (тұрғын ғимараттағы үлесі);

-инвестициялық алтын (құйма алтын);

-зияткерлік меншік және авторлық құқық объектілері;

-34,5 млн. теңге (10 000 АЕК) шегінде қолма-қол ақша;

-басқа тұлғалармен нотариалды куәландырылған қарыз шарттары.



-құны 3,5 млн. теңгеден асатын басқа да мүлік (қалауы бойынша) (мәдени құндылықтар, зергерлік бұйымдар, асыл тұқымды жануарлар және т. б.) – бағалауды 31.12.2023 жылғы жағдай бойынша декларацияны тапсыру мерзіміне дейін (2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей) жасау қажет.

-Декларацияны ұсыну тәсілдері мен мерзімі қандай?

- Декларацияны 2024 жылғы 15 қыркүйекке дейін тұрғылықты жері бойынша тапсыру қажет. Декларацияны «Салық төлеуші кабинеті», «Электрондық үкімет» веб-порталдары, «e-salyqAzamat», Halyk, Bank CenterCredit мобильді қосымшалары арқылы ұсынуға болады. Сондай-ақ азаматтар декларацияны қағаз нұсқада пошта арқылы немесе өздері барып ұсынуға құқылы.

-Декларацияны тапсыруға қалай дайындалуға болады?

Шетелдегі және Қазақстандағы активтерді барынша дұрыс деклараци-

ялау қажет. Кейіннен активтер құны салық салынатын кірісті айқындау кезінде ескерілетін болады.

Сондықтан декларацияны толтыру алдында:

1) тиісті растайтын құжаттарды дайындауды;

2) 31.12.2023 жылға дейін ақшалай қаражатты (34,5 млн теңгеден астам) банктік шоттарда салуды;

3) бастапқы декларация берілген күнге дейін 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштар мен талаптарды нотариалды куәландыруды;

4) декларация берілген сәтке дейін 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлігінің құны 3,5 млн теңгеден асатын мүлікті бағалауды;

5) Қазақстанда активтер мен міндеттемелердің бар-жоғын:

бағалы қағаздар бойынша: <https://portal.kacd.kz>;

тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша: <https://homeportal.kz>;

<https://www.gov.kz/services/3910?lang=ru>;

зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері бойынша: <https://gostreestr.kazpatent.kz>;

сенімгерлік басқаруға берілген мүлік бойынша: https://egov.kz/cms/ru/services/pass077_mu сайттарда тексеруді ұсынамыз;

Дебиторлық/кредиторлық берешектің (қарыз шартының) болуы бойынша сұрау салуды DocuLite жүйесі арқылы Республикалық нотариаттық палатаға жолдау қажет. Жеке тұлғаның берешегін деклара-

циялау активтер мен міндеттемелер туралы декларациясын толтыру кезіндегі шарттардың бірі 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштар мен талаптарды нотариалды куәландыруға тиіс. Республикалық нотариаттық палата 2024 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі кезеңде көрсетілген шарттарды (2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін жасалған) куәландыру бойынша жеке тұлғалардың құқығын растады. Қарыздар мен міндеттемелерді бастапқы декларацияда ғана көрсетуге қажет екенін назарға саламыз, тиісті салық есептілігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді (СК 211-бабы 5-тармағының 7) тармақшасы). Банктік қарыз шарттары декларацияда көрсетілуге жатпайды. Сонымен қатар, заңды тұлғалармен (микроқаржы ұйымдарын қоса алғанда) жасалған қалған шарттар декларацияда көрсетілуге жатады. Қарыз шарттарын куәландыру тәртібіне байланысты туындайтын барлық мәселелер бойынша консультация алу үшін өңірлік нотариаттық палаталарға жүгіну қажет (нотариаттық палаталардың мекенжайлары www.notariat.kz сайтында орналастырылған).

-Жануарлар мен құстарды декларациялау жайлы айтсаңыз?

-Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда азаматтар құны бірлігіне 3,5 млн. теңгеден (1000 АЕК) асатын асыл тұқымды жануарлар мен құстарды өз қалауы бойынша декларациялай алады. Мысалы, асыл тұқымды жылқы, экзотикалық жануар немесе құс. Өз қажеттіліктерінде өсіретін немесе пайдаланатын жануарлар мен құстарды декларациялаудың қажеті жоқ. Ауыл шаруашылығы және үй жануарлары бойынша мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдары уәкілетті органдардан алады.

- Декларацияны түзету туралы не айтасыз?

-Азаматтар кез келген қате немесе анық емес көрсетілген мәліметтерді Салық кодексінде көзделген талап қою мерзімі шегінде қосымша декларация беру арқылы дербес жоюға құқылы.

-Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және деректердің таралып кетуіне жол бермеу үшін қандай кепілдіктер бар?

-Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелері интернетке шықпай-ақ жабық контурда жұмыс істейді. Бұл салық төлеушілерден алынған барлық мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік техникалық қызмет тоқсан сайын мемлекеттік кірістер комитеті жүйелерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүргізеді. Сонымен қатар, декларацияларға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті қоса алғанда, дербес жауап беретін қызметкерлердің шектеулі тобы қол жеткізе алады.

-Жеке тұлғалардың әкімшілік жауапкершілігі жайлы сөз етсек?

-Декларацияны бірінші рет ұсынбағаны үшін ескерту, бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін – 55 380 теңге (15 АЕК) мөлшерінде айыппұл қарастырылған. Декларацияда толық емес, анық емес мәліметтерді бірінші рет ұсынғаны үшін – ескерту, бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін – 11 076 теңге (3 АЕК) мөлшерінде айыппұл (ӘҚБТК 272-бабы) қарастырылған. Салық салу объектілерін жасырғаны үшін жыл ішінде алғаш рет – төленбеген салықтар сомасынан 200% айыппұл, қайталап бұзғаны үшін – 300% мөлшерінде айыппұл (ӘҚБТК 275-бабы) қарастырылған.

Сұхбаттасқан: Д.БЕК.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ШЕШІМІ

Шолаққорған ауылы 2024 жылғы 10 қаңтар

Созақ ауданының Таукент кенті әкімін сайлау жөнінде сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 14-бабының 6 тармақшасы, 21- бабының 4-тармағы, 22 бабы негізінде Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Созақ ауданының Таукент кенті әкімін сайлау жөнінде Таукент сайлау округі Таукент кенті шекарасында құрылсын.

2. Таукент сайлау округі, оның шекаралары және аудандық аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері (Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №5) аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсында және «Sozak uni» газетінде жариялансын.

Комиссия төрағасы: **Т.Бекқұлы**
Комиссия хатшысы: **Н.Қошқарбаев**

* * *

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ШЕШІМІ

Шолаққорған ауылы 2024 жылғы 10 қаңтар

Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 133 бабына сәйкес Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШТІ:**

1. 2024 жылғы 18 ақпанға Таукент кенті әкімінің сайлауы тағайындалсын.

2. Әкімдікке кандидаттар ұсыну 2024 жылғы 11 қаңтардан басталсын.

3. 2024 жылғы 18 ақпанға тағайындалған Таукент кенті әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі қоса беріліп отырған негізгі іс- шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

4. Осы шешім аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсында және «Sozak uni» газетінде жариялансын.

Комиссия төрағасы: **Т.Бекқұлы**
Комиссия хатшысы: **Н.Қошқарбаев**

* * *

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 10 қаңтар шешіміне қосымша

Созақ ауданы Таукент кенті әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

1. Таукент кенті әкімі сайлауын тағайындау Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы (133-б.)

2. Сайлау округінің тізімін, шекарасы мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей- 2024 жылғы 20 қаңтарға дейін (22-б.2-т.)

3. Аумақтық сайлау комиссиясының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 20 қаңтарға дейін (13-б. 4-т.)

4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 25 қаңтарға дейін (17-б. 2-т.)

5. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудан әкімі

Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімде- 2023 жылғы 25 қаңтарға дейін (23-б. 5-т.)

6. Әкімдікке кандидаттар ұсыну Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар Сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге жиырма бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады. (113-3-б. 1-т.)

7. Әкімдікке кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі-Сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау үшін жинақталған құжаттарды мемлекеттік қызмет істері жөніндегі облыстық департаментке ұсыну Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы (113-2-б.)

8. Әкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Әкімдікке кандидаттың Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (14-б. 8-1) т., 31-б.2-т.)

9. Әкімдікке өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған кандидаттарға, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Кандидаттың Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін үш күндік мерзімде (113-4-б.)

10. Әкімдікке кандидаттарды қолдап жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы ресімдеу Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі уәкілетті органның жұмыскерлерін тарта отырып Қол қою парақтары аудандық аумақтық сайлау комиссиясына тапсырылғаннан кейін үш күндік мерзімде (113-4-б. 8-т.)

11. Созақ ауданы әкімі аппаратының шотына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізуі Әкімдікке кандидаттар, саяси партиялар (әрбір ұсынылған кандидат үшін) (113-5-б. 2-т.)

12. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) (113-5-б. 3-т.)

13. Кандидат және оның жұбайы (зайыбы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру Мемлекеттік кіріс органдары Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде (113-5-б. 3-т.)

14. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күнінен жиырма күн бұрын жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады (113-5-б.)

15. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Кандидаттар тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)

16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру Аудан әкімдігі және аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Үгіт басталғанға дейін (28-б. 6-т.)

17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады (27-б. 2-т.)

18. Әкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар беру, кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының бөлінген үй-жайларда сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудан әкімдігі және аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)

19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша аудан әкімі қол қойған сайлаушылардың тізімдерін учаскелік сайлау комиссияларына акт бойынша ұсыну Аудан әкімі Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын- 2024 жылғы 29 қаңтар (24-б. 5-т.)

20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда- 2024 жылғы 3 ақпаннан бастап (26-б. 1-т.)

21. Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабардар ету Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей- 2024 жылғы 8 ақпаннан бастап (18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)

22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын- 2024 жылғы 15 ақпан (37-б. 3-т.)

23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда Жергілікті уақыт бойынша сағат 06:00-де (40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу Учаскелік сайлау комиссиялары Сайлау күні, жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін (38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және сайлау учаскелерінде әкім сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау Учаскелік сайлау комиссиялары Жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады (43-б.)

26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпыжұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу (43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды аудандық аумақтық сайлау комиссиясына ұсыну Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу (113-8-б. 1-т.)

28. Әкім сайлауының қорытындыларын белгілеу Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірмей (113-10-б.)

29. Әкімді сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен кешіктірмей (44-б.)

30. Сайланған әкімді тіркеу, тиісті куәліктер беру Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді доғаратыны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін (45-б., 46-б. 3-т., 113-11-б. 1-т.)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

2024 жылдың 18 ақпанға тағайындалған Таукент кенті әкімінің сайлауын өткізуге Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мен учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары және орналасқан жерлері, шекарасы

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

(Созақ ауданы мәслихатының «Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» 10.01.2019 жылғы № 219-35 VI шешімімен және 19.02.2020 жылғы №301 шешімімен бекітілген.)

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Шолаққорған елді мекені, Жібек жолы көшесі, №5ғимарат, «Мыңжылқы» мәдениет сарайы.
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының телефон нөмері: 8 (725 46) 4 28 04.

P/c	Комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты	Туылған күні, айы, жылы	Ұлты	Білімі, мамандығы	Жұмыс орны, атқаратын қызметі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған
1	Бекқұлы Талғат Нағиұлы	06.10.1967	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы	"AMANAT" партиясы
2	Оспанов Руслан Әлиұлы	07.08.1992	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары	"Созақ жастары" қоғамдық бірлестігі
3	Қошқарбаев Нұрболат Биболатұлы	07.10.1980	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы	"Нұрлы Әлем" қоғамдық бірлестігі
4	Орманов Мурат Омиртаевич	03.11.1985	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, Шолаққорған ауылы әкімі аппараты. Бас маман	"Ақжол" демократиялық партиясы
5	Мәлікайдаров Серғали Өмірзақұлы	14.08.1976	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі. Директор	«Ауыл» Халықтық демократиялық патриоттық партиясы
6	Өтепов Жамбыл Ақынқожаұлы	10.12.1983	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі. Директордың орынбасары	"Желтоқсан Ардагерлері" қоғамдық бірлестігі
7	Майусова Нуржамал Әбілжанқызы	16.02.1973	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, "Созақ үні" газеті. Бөлім басшысы	"Бақ-Нұры" іскер әйелдер қоғамдық бірлестігі

қ/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның (дауыс беруге арналған үй-жай) атауы және шекарасы	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның мекен-жайы			Комиссия мүшесінің аты – жөні, лауазымы және қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған
			Орналасқан жері	Елді мекені	Көше	
1	2	3	4	5	6	7
1	722 уск	Таукент учаскесі Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «І.Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекарасы: Таукент кенті, 1 мөлтек ауданы, Е.Ерімбетов, Геологтар, Қ.Сәтпаев, Мыңжылқы, Тәуелсіздік, Бейбітшілік, Мәңгілік ел, Болашақ, Қаратау, Көкжиек, Тұран, Келіншектау, Көкбұлақ, Астана, Бәйтерек көшелері.	Таукент кенті	№1-ықшам аудан	31	Әлжанов Мақсат Амангелдіұлы-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы Момбекова Салтанат Төлегеновна - комиссия орынбасары "Ақжол" демократиялық партиясы Аманжолов Сафуан Мәдиұлы-комиссия хатшысы, «Желтоқсан ардагерлері» қоғамдық бірлестігі Асанбеков Жасулан Серикович-комиссия мүшесі, «Ардагерлер ұйымы» Созақ аудандық филиалы Дүйсенов Нұржан Қуанышұлы-комиссия мүшесі «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы Мейрбекова Айгул Жаркынбековна-комиссия мүшесі "Бақ-Нұры" іскер әйелдер қоғамдық бірлестігі Кулмырзаева Гулдана Қажымұқанқызы-комиссия мүшесі «Желтоқсан ардагерлері» қоғамдық бірлестігі Науанова Ақбота Мухамедғалиевна- комиссия мүшесі «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі Исатай Әлия Төленқызы-комиссия мүшесі «Созақ аудандық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігі
2	723 уск	Жыныс учаскесі Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекаралары: І.Кеңесбаев, Жыныс ата көшелері.	Таукент кенті	І.Кенесбаев	136	Дузенова Гулзат Ескараевна–комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы Абишов Нурлан Алтаевич–төраға орынбасары «Желтоқсан ардагерлері» қоғамдық бірлестігі Өміртаева Аруна Ахметқызы–комиссия хатшысы "Ақжол" демократиялық партиясы Есбергенов Сейлбек Бердибекович– комиссия мүшесі «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы Үсенов Серихан Болысович- комиссия мүшесі «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі Дүйсенов Үсен Қуанышович - комиссия мүшесі «Ардагерлер ұйымы» Созақ аудандық филиалы Жынысбаев Нұржан Төребекұлы- комиссия мүшесі «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі
3	724 уск	Жыныс-1 учаскесі Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Болашақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Шекаралары: Ш.Бекжанов, С.Тойшыұлы және Қ.Тоқмұхамедов көшелері.	Таукент кенті	І.Кенесбаев	135	Есмұрзаев Ерлан Жаманбаевич- комиссия төрағасы,, «AMANAT» партиясы Тажиева Сандуғаш Оразымбетқызы-комиссия орынбасары, "Ақжол" демократиялық партиясы Алтыбаева Меруерт Қуанышбаевна-комиссия хатшысы, "Нұрлы Әлем" қоғамдық бірлестігі Мұхымбеков Болат Есенгелдиевич-комиссия мүшесі, "Ауыл" Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы. Асетбеков Абзал Шекербекевич-комиссия мүшесі "Созақ жастары" қоғамдық бірлестігі

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2023 жылы атқарылған жұмыстардың ақпараты

Түркістан облысы Әділет департаментінің Кентау ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлімінде 2023 жылдың 12 айында жалпы орындауда АІЖОААЖ (АИ-СОИП) дерекқорының статистикалық мәліметтеріне сәйкес 373 атқарушылық іс сомасы 7 329 583 542 теңгеге болған. Оның ішінде барлығы аяқталғаны 296 атқарушылық іс сомасы 3 565 219 659 теңгеге пайыздық көрсеткіші саны бойынша 79,3 пайыз, сомасы бойынша 48,6 пайызды құрайды. Нақты орындалғаны 207 атқарушылық іс сомасы 1 230 548 919 теңгеге пайыздық көрсеткіші саны бойынша 69,9 пайыз ал сомасы бойынша 34,5 пайызды құрайды. Қалдыққа 77 атқарушылық іс сомасы 3 764 763 883 теңгеге өткен.

Жоғарыда көрсетілген атқарушылық істердің ішінен мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2023 жылдың 12 айында 47 атқарушылық іс сомасы 1 287 035 557 теңге атқарушылық іс қозғалған. 2023 жылдың 12 айында барлық аяқталғаны 42 атқарушылық іс сомасы 1 087 325 259 теңге. Қалдыққа 2024 жылдың 01 қаңтарына 5 атқарушылық іс сомасы 199 710 298 теңге қалған. Қалдыққа өткен атқарушылық істер бойынша барлық орындау амалдары жасалып орындау барысында. Барлық қозғалған атқарушылық істер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидасы бойынша қозғалып, заң талаптары сақталған.

Б.АБЛАЕВ,
Кентау ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі бөлімінің сот орындаушысы.

Сенім телефоны

Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі ғимаратының кіре берісінде «Сенім жәшігі» орналас-тырылып, қабырға бетке Қазақстан Республикасы Президенти-нің 2022 жылғы 22 қаңтардағы №814 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) ілініп тұр. Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының «Сенім телефоны» 47-31.

Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты.

Жемқорлықсыз болашаққа

Сыбайлас жемқорлық – Тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.

Қазақстан Республикасының Президенті өз жолдауында «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек» - деп сыбайлас жемқорлықпен күрестің мән-маңызына тоқталып өткен болатын.

Негізі «сыбайлас жемқорлық», «пара» деген ұғымдардың астарын ашып, мән-мағынасына үңілер болсақ, бұл ұғымдар сонау сан ғасыр, сан мың жылдар бұрын пайда болғанын тарих дәлелдейді. Бұл жөнінде біз мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ғұлама ғалымдарымыздың еңбектерінен кездестіре аламыз.

Сыбайлас жемқорлық қоғамды әділетсіздікке ғана ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне кереғар әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлық – індет, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшалар түсініп, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет деп ойлаймын. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол – жемқорлық. Елдегі бұл ауыр індетті жою үшін күресті өзімізден, айналамыздан бастап, нәтижеге қол жеткізуге, жемқорлықты жою үшін аянбай күресу – әрбір қазақстандық азаматтың азаматтық та, адамзаттық та парызы.

Ф.МҰСАБЕКОВ,
Созақ ауданының статистика басқармасының бас маманы.

Бұл сыбайлас жемқорлық қоғам дерті. Жемқорлық қызметтік лауазымды пайдалана отырып оны жеке мүддеге пайдалану.

Жемқорлық, әсіресе мемлекеттік органдарда қауіпті. Тәжірибе көрсеткендей, жемқорлық мемлекеттік басқару жүйесін бұзады, экономиканың дамуына

күресте жәрдемдессеңіз, онда сіз туралы жеке ақпарат мемлекеттік құпия болып есептеледі, тек прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары, салық, кеден қызметі, шекара полициясы мен соттың сұрау салуы бойынша ғана жария етіледі. Бұл ақпарат жария етілсе, заңда

раты мемлекеттік мекемесі ғимаратының кіре берісінде «Сенім жәшігі» орналас-тырылып, қабырға бетке «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) ілініп тұр. Қарақұр ауылдық округі

Сыбайлас жемқорлықпен күресу – әрбір азаматтың міндеті

шектеу қояды, әсіресе экономика саласында ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді, алайда көп жағдайда азаматтардың өзі лауазымды қызметкерлердің осындай қадамға баруына себепші болады. Сондықтан да, заң бойынша «алушыға» ғана емес «берушіге» де жауапкершілік артылған.

Осы ретте, егер сіз жемқорлықпен күресте жәрдем көрсететін болсаңыз, онда сізге қол сұғылмаушылыққа байланысты мынадай мемлекеттік көпілдіктер тағайындалады:

– егер сіз жемқорлық заң бұзушылық фактісі бойынша немесе жемқорлықпен күресте жәрдемдессеңіз – онда мемлекет қорғауында боласыз;

– егер сіз жемқорлықпен

бекітілген жауапкершілікке тартылады;

– егер сіз жемқорлықпен күресте жәрдемдессеңіз, қажет жағдайда, жемқорлықпен күресті жүргізіп жатқан органдар сіздің жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етуі керек. ҚР Экономикалық және сыбайлас жемқорлықпен күрес Агенттігіне хабарлассаңыз жемқорлық фактілерін хабарлайтын тұлғаларды қорғау департаменті жұмыс жасайды. Қажет болса, тұлғалады қорғау барысында құпия іс жүргізуге, олардың мекен-жайы, тегі мен тіпті бет-әлпетін өзгертуге де мүмкіндік бар.

Жоғарыда аталған көпілдіктер жалған ақпарат берген тұлғаларға көрсетілмейді.

Осы орайда, Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппа-

раты аппаратының «Сенім телефоны» 47-31 сымтетігі көрнекі жерге ілініп, аудандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, тұрақты түрде жұмыс жасалып келеді.

Аталған іс-шаралар жоспарына сай Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратында алдағы уақытта да жұмыстар өз деңгейінде жүргізіле береді. Сыбайлас жемқорлық пен күресуді, оның алдын алуды, тек мемлекеттік органдар ғана емес, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлетін Қазақстан Республикасының болашағына, жаны ашитын барлық азаматтар жүзеге асыруымыз қажет.

Ғ.БИМЕНДИЕВ,
Қарақұр ауылдық округі әкімі.

Құтыру ауруы туралы

Құтыру - вирустық ауру, адамдар мен жануарлардың орталық жүйке жүйесін зақымдайтын және өлімге әкеп соғатын қауіпті аурулардың бірі.

Қазіргі уақытта құтыру денсаулық саласында, сондай-ақ ветеринария саласында да басты мәселе болып қалуда. Оның эпидемиологиялық маңызы - даусыз өлімге әкеліп соқтыруымен, барлық жерде таралуымен, аурудың жануарлар арасындағы тікелей байланысымен, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен және халық арасындағы антирадикалық көмек көрсетуімен анықталады. Кейінгі жылдары дала тағыларының тым көбейіп кетуімен үй жануарлары арасында әсіресе жылқыға қырғидай тиюде бұл көріністер халық арасында эпидемиологиялық жағдайды күрделендіруде.

Құтыру адамға үй және жабайы жануарлар, ет қоректілермен тығыз байланыста болуы нәтижесінде сілекеймен немесе тістегенде және жаралаған кезде (иттер, мысықтар, түлкілер, қасқырлар және басқалармен) жұғады.

Жануарлардың құтырмамен ауруының себептері сан алуан, бірақ ең басты назар аударатыны - жануарлардың іс-әрекеттерінің өзгеруі. Иттер жеуге жарамайтын тас, ағаш, әйнек сияқты заттарды шайнай бастайды. Жануарларда жағының асты салбырайды, сілекей бөлуінің көбеюі басталады және олар адамдар мен жануарларға жүгіріп, қатты тістейді.

Адамдар мен жануарлардың құтырмамен ауруы өлімге әкеп соқтырады.

Иттер мен мысықтарды құтырмаға сәл

ғана күмәнді себептер байқалса, ветеринарлық дәрігерге қаралуды есте сақтау қажет. Күдікті жануарлардың иелері өз бетімен көмек көрсетуге жол бермеу қажет, өйткені ол өте қауіпті.

Егер адамды жануарлар тістеп алған жағдайда тез арада дәрігерге қаралып, құтырмаға қарсы егу курсы жүргізу мәселесін шешу қажет. Кезекті екпелер 0 күннен 30-шы күн аралығында салынады 5 турдан тұрады. Қапқан ит белгілі болса, 10 күн ветеринариялық бақылаудан кейін анықтамамен 3 екпемен (дәрігерге көрінген күні антирадикалық вакцинацияның 1-ші туры 0 күндігі, 3-ші күні 2-ші туры және 7-ші күні 3-ші туры салынады) тоқтатылады.

Уақытында жүргізілген егу ғана аурудың дамуының алдын-алады. Бұл дамудың алдын алудағы ең бірден-бір құралы.

Егер де жануарлар тістеп алған немесе зақымданған денеге сілекейі жұққан жағдайда тез арада (жараны сабынды сумен шая отырып, шеттерін спиртпен және йод тхнбасумен өңделеді) жақын маңдағы медициналық мекемеге бару қажет. Ауру дамуының алдын алуға тек қана егу көмектеседі. Адамдарға құтыру ауруына қарсы екпелер тегін жасалады! Өз денсаулықтарыңыз өздеріңіздің қолдарыңызда екенін ұмытпаңыздар!

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.